

Презентация

*Қазіргі қазақ тіліндегі
неологизмдер мен көнерген
сөздер.*

Неолгизмдер

- **Неологизм**– (гр. *neos* – жаңа, *logos* – сөз) – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар.

Неологизм лексикалық және семантикалық болып екіге бөлінеді.

Лексикалық неологизм- жаңа ұғымдардың тууымен бірге пайда болған жаңа терминдер.

Семантикалық неологизм- деп сөзбе-сөз аудару арқылы төл сөзге қосылған жеке мағынаны айтуға болады.

Мысалы:

- Лексикалық неологизм : смартфон, телефон, ноутбук, айфон, *атом, теледидар, космос, ракета, редактор, анализ, компьютер, т.б.*
- Семантикалық неологизм: *ғаламтор, тінтуір, үнтаспа, антропогендік фактор, компьютерлік жүйе, компьютер орталығы, кесте , машина т.б.*

Неологизмнің ерекшеліктері:

- Неологизм сөзжасамдық калькалау, (макроұя, кодтану), сондай-ақ морфологиялық, синтаксистік-морфологиялық, семантикалық-морфологиялық тәсілдер арқылы жасалып, тілдің сөздік құрамын байытады. Шет тілден енген сөздердің басым бөлігі өздерінің бастапқы мағынасын сақтайды, семантикалық жақтан өзгерістерге көп ұшырамайды. Неологизм төл сөздермен де беріле алады, сөздік құрамда бұрыннан қолданылып жүрген сөз тұлғалары жаңа мағынаға ауысып, жаңа ұғымды белгілеуге мүмкіндік алады. Алғашқыда неологизм ретінде танылған сөздер жалпыхалықтық қолданысқа түскен кезде неологизм болудан қалады. Неологизм тілдің лексикалық құрамына ауызша және жазбаша түрде енеді. Ауызша енген сөздердің көпшілігі тұрмыс қажетіне, мәдениетке қатысты атаулар болса, жазбаша енген неологизм ғылым мен техниканың жетістіктеріне қатысты болып келеді. Қазіргі тілімізде жасалған неологизмнің көпшілігі сөз тіркестері түрінде келіп, анықтауыштық қатынаста болады. Мысалы, *антропогендік фактор, компьютерлік жүйе, компьютер орталығы*, т.б. АҚШ-та, Францияда, Жапония елдерінде неологизмді зерттейтін арнайы орталықтар құрылып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Жасалу жолдары:

- Неологизм екі түрлі жолмен жасалады.
- 1) Бұрын-соңды тілде болып көрмеген, жаңа ұғымдардың пайда болуымен байланысты. Мысалы, *революция, колхоз, совхоз, кино, театр, телевизор, спутник, ракетчик, бригада, фермер* т. б.
- 2) Бұрыннан тілде бар атауларды жаңартып, ескіні жаңғыртып, жаңаша мән беріп, түрлендіріп қолдану негізінде пайда болады. Неологизмдердің ұлттық тілдің байып, дамуы үшін, оның жаңа мағыналы сөздермен толықтырылып отыруы үшін мәні зор

Көнерген сөздер

- **Көнерген сөздер** – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнелену дәрежесі мен себебі және қолданылу сипатына қарай өзіндік лексика жүйесін құрайды.

Тілдегі көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді:

А) архаизм сөздер (көне сөздер);

Ә) тарихи сөздер (историзмдер);

- а) Әр халықтың тұрмыс-салтына, күнкөріс тіршілігіне, дүние танымына байланысты әр дәуірде өзгеріп, әртүрлі басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп мүлде қолданылмай қалып қойған сөз — архаизмдер деп аталады. Архаизмге кейбір киім аттарын білдіретін сөздер жатады. Мысалы, қоқы, күләпіра, жағалан, жалаңқат, талыс т.б. Ұлттық тәуелсіз мемлекет болуымызбен байланысты архаизмдер ішінара жаңа мағына алып, сөздік құрамындағы актив сөздердің үйіріне қайтадан қосылып отыр. Мәселен: жасақ деген сөзді қайтадан қолдану нәтижесінде жасақ, жасақшы деген жаңа сөз жасалды. Төре деген архаизм сөзден төреші (арбитр) төраға, төралқа деген жана сөздер туып қалыптасты. Демек, ескірген, көнерген (архаизм) сөздер де қоғам дамуының тарихи өзгерістеріне бейім тілдік қажетсіну талаптарына сәйкес өзгеріске ұшырап отыратын лексика — семантикалық құбылыс болып табылады.

- **Лексика-сөзтудырушы архаизм** - бұрынғы мағынасын сақтаған, бірақ сөз жасау құрамы өзгерген сөз. Стилистикада архаизмдер төмендегі жағдайда қолданылады:
 - а) Сол дәуір тарихын әсірелеу үшін (әдетте тарихи романдарда);
 - ә) Сөйлеу кезінде сөзге салтанатталық, қобалжытарлықтай әсер беру үшін, өленде, шешендік айтыстарда, (публицистикалық жанрларда қолданалады);
 - б) иронияда, сықақта, әжуалағанда күлкі шақыру (фельетон, памфлеттерде),
 - в) кейіпкерге сөздік сипаттама беру үшін (мысалы, діндарлық дәрежесі бар кісілер).
- **Лексика-фонетикалық архаизм** - бұрынғы мағынасын сақтаған, бірақ дыбыстық құрамы өзгерген сөз (орыс. *глад* - *голод*, *зерцало* - *зеркало*, *гистория* - *история*, *пиит* - *поэт*).
- **Лексикалық архаизмдер** - қазіргі таңдағы тілде синонимі бар көнерген сөз (қаз. *уәзір* - хатшы).
- **Семантикалық архаизмдер** - қазіргі тілде сақталған, бірақ көнерген мағынасында қолданылатын сөз.

- ә) Тарихи сөздер. Қазіргі қазақ тілінде тарихизмге өткен дәуірдегі қоғамдық белгілі ұғымдарды білдіретін және лексиканың қазіргі дамыған дәуірінде қолданылмайтын сөздер жатады.

Қазақ тіліндегі тарихизмдерді төрт түрге бөлуге болады:

- 1) материалдық мәдениетке байланысты көне документтерде сақталып қалған зат атауларын (Қаба жүнді қайың оқ,, Қарға жүнді қамыс оқ); қорамсақ;
- 2) әкімшілік басқаруға байланысты сөздер: (атшабар, болыс, т.б.);
- 3) қазақ халқының қоғамдық өміріне байланысты өткен дәуірдің ерекшелігінен туған сөздер: (ханзада, ханша. нөкер, күң, құл, малай);
- 4) қазан төңкерісінен кейін туған жаңа типті тарихи сөздер: (қосшы, қызыл керуен, ақтар. қызылдар, батырақ т.б.)..